



010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№ _____

**Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісі
депутаттарына***2023 жылғы 14 маусымдағы № ДС-231 сауалға***Құрметті депутаттар!**

Халықаралық қатынаста автомобильмен тасымалдауға қатысты депутаттық сауалды қарап, келесіні хабарлаймын.

Жүктерді автокөлікпен халықаралық тасымалдау Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Шет мемлекеттердің үкіметтері арасында жасалған Келісімдер негізінде жүзеге асырылады, оларға сәйкес әрбір автокөлік құралына (*бұдан әрі – АКҚ*) шетелдік рұқсат бланкісі (*бұдан әрі – ШРБ*) беріледі.

ШРБ алу және халықаралық тасымалдауды орындау үшін компанияға жүктерді Халықаралық тасымалдауды жүзеге асыруға рұқсат куәлігі және әрбір автокөлік құралына рұқсат карточкасы алынуға тиіс.

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасы жыл сайын шамамен 150 000 дана рұқсат квоталарымен алмасу жүргізілетін 42 елмен келісімдер жасасты.

Мемлекеттік қызмет көрсету процестерінің оңайлатылуына байланысты (АКҚ, АКҚ жалдау шарттары туралы деректер және басқа да мәліметтер электрондық түрде ұсынылады) жосықсыз Делдал - тасымалдаушылар тарапынан түрлі алаяқтық (заңсыз) әрекеттердің дамуына әкелді.

Халықаралық автомобильмен тасымалдауды жүзеге асыруға рұқсат беру туралы куәлік (*бұдан әрі – Куәлік*) – 10 мың компанияда бар (парктік тәртіптен – 44 мың АКҚ).

2021 жылы 1038 компания ШРБ алса, 2022 жылы 2359 компания алды.

Еуропалық Одақтың (*бұдан әрі – ЕО*) Ресей мен Беларусьтің автокөліктері үшін ЕО аумағы бойынша жүктерді тасымалдауға санкциялық шектеулер енгізуімен Қазақстанда ЕО санкцияларын болдырмау үшін шетелдік компаниялардың филиалдары ашыла бастады, бұл кейбір шет мемлекеттердің автокөлік бизнесінің Қазақстанға қайта бағдарлануына әкелді.

Қалыптасқан жағдайға байланысты Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2022 жылғы 13 желтоқсандағы № 715 бұйрығымен Халықаралық автотасымалдауға рұқсат беру қағидаларына және Рұқсат беру жүйесін қолдану қағидаларына халықаралық тасымалдарды және өзге де рәсімдерді жүзеге асыруға рұқсат алу талаптарын күшейту бөлігінде өзгерістер енгізілді (бұйрық 2023 жылғы 20 ақпаннан бастап заңды күшіне енді).

Бұйрыққа түзетулер салалық қауымдастықтан және отандық тасымалдаушы кәсіпкерлерден, «Атамекен» ҰКП-дан келіп түскен ұсыныстарды ескере отырып, рұқсат беру жүйесін жетілдіру жөніндегі жұмыс тобымен бірлесіп әзірленді.

Анықтама: Жұмыс тобы Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің міндетін атқарушының 2022 жылғы 21 шілдедегі № 419 бұйрығымен бекітілген.

Жұмыс тобы құрамына Министрліктің жауапты құрылымдық бөлімшелері, «Атамекен» ҰКП, ҚазАТО, «Қазлогистикс» СТК, қатысы бар қауымдастықтар, қоғамдық ұжымдар және отандық тасымалдаушылар енгізілді.

Енгізілген түзетулер шеңберінде жүктерді халықаралық автотасымалдаудың отандық нарығын дамытуға және қорғауға бағытталған нормалар көзделген, олар мыналар сияқты:

1. Қолданылу мерзімі белгіленді:

- шетелдік рұқсатты қолданбай рұқсат беру - 2 жыл (*ШРБ талап етілмейтін елдерге және ЕАЭО елдерінің ішінде тасымалдау*);

- шетелдік рұқсатты қолдана отырып рұқсат беру - 5 жыл (*ШРБ қолдана отырып, алыс шет елдерге тасымалдау*);

2. Тасымалдаушыларға қосымша талаптар белгіленді:

- тахографтарға жүргізуші карточкалары ҚР-да берілуі тиіс;

- жүргізушілердің саны АКҚ санына сәйкес болуы тиіс (*шетелдіктерді қоса алғанда, жұмысқа орналастырылған жүргізушілер ҚР Еңбек және әлеуметтік қорғау министрлігінің еңбек шарттарын есепке алу базасында болуы тиіс*);

Сонымен қатар, тасымалдау нарығынан жосықсыз тасымалдаушыларды жою бойынша талап етілген түзетулер де бар, олар:

- жүргізуші құрамы санының АКҚ санына сәйкес келмеуі;

- АКҚ-ны 6 ай ішінде 2 реттен артық жалға алу;

- ШРБ-ны үшінші тұлғаларға беру;

- ШРБ қолданумен байланысты бұрмаланулар (түзетулер) бөліктерінде.

Көрсетілген бұйрықты іске асыру:

- ШРБ-ның жасанды тапшылығын, үшінші тұлғаларға беру алып тастауға;

- халықаралық тасымалдар нарығында отандық тасымалдаушылардың қатысу үлесін ұлғайтуға;

- шетелдік қатысуы бар компания санын қысқартуға;

- бір күндік компанияны алып тастауға мүмкіндік береді.

Аталған талаптар шектемейді, ал керісінше отандық халықаралық жүк тасымалы нарығын дамытуға, ынталандыруға және қорғауға бағытталған.

Жоғарыда айтылғанның негізінде, қабылданған шаралар халықаралық жүк тасымалындағы ахуалды жақсартуға бағытталған және отандық тасымалдаушылардың бәсекеге қабілеттілігінің артуына мүмкіндік беретінін хабарлаймыз.

Р. Скляр



010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№ _____

**Депутатам
Мажилиса Парламента
Республики Казахстан***На № ДС-231 от 14 июня 2023 года***Уважаемые депутаты!**

Рассмотрев вышеуказанный запрос касательно автомобильных перевозок в международном сообщении, сообщая следующее.

Международные перевозки грузов автотранспортом осуществляются на основании Соглашений, заключенных между Правительством Республики Казахстан и правительствами иностранных государств, согласно которым на каждое автотранспортное средство (*далее – АТС*) выдается иностранное разрешение (*далее – ИБР*).

Для получения ИБР и выполнения международной перевозки на компанию должно быть получено Удостоверение допуска к осуществлению международных перевозок грузов и карточка допуска на каждое автотранспортное средство.

В настоящее время Республикой Казахстан заключены соглашения с 42 странами, с которыми ежегодно проводится обмен квотами разрешений порядка 150 000 шт.

Упрощение процессов оказания государственной услуги (данные об АТС, договорах аренды АТС и другие сведения представляются в электронном виде) привело к развитию разного рода мошеннических (незаконных) действий со стороны недобросовестных перевозчиков – посредников.

Удостоверение допуска к осуществлению международных автомобильных перевозок грузов (*далее - Допуск*) имеют более 10 тыс. компаний (с парком порядка – 44 тыс. АТС).

В 2021 году ИБР получили 1038 компаний, в 2022 году 2359 компаний.

С введением Европейским Союзом (*далее – ЕС*) санкционных ограничений на перевозки грузов по территории ЕС для автотранспорта России и Белоруссии, во избежание санкций ЕС, в Казахстане начали открываться филиалы иностранных компании, что привело к переориентации автотранспортного бизнеса некоторых иностранных государств в Казахстан.

В связи со сложившейся обстановкой приказом Министра индустрии и инфраструктурного развития Республики Казахстан от 13 декабря 2022 года № 715 внесены изменения в Правила допуска к международным автоперевозкам и Правила применения разрешительной системы, в части усиления требований на

получение допуска к осуществлению международных перевозок и иных процедур (приказ вступил в законную силу с 20 февраля 2023 года).

Поправки в приказ разработаны совместно с рабочей группой по совершенствованию разрешительной системы, с учетом предложений, поступивших от отраслевых ассоциации и отечественных перевозчиков, НПП «Атамекен».

Справочно: Рабочая группа утверждена приказом и.о. Министра индустрии и инфраструктурного развития Республики Казахстан от 21 июля 2022 года № 419.

В состав рабочей группы включены ответственные структурные подразделения Министерства, НПП «Атамекен», КазАТО, СТК Казлогистикс, причастные ассоциации, общественные организации и отечественные перевозчики.

В рамках внесенных поправок предусмотрены нормы, направленные на развитие и защиту отечественного рынка международных автоперевозок грузов, такие как:

1. Установлены сроки действия:

- допуск без применения иностранного разрешения – 2 года (*перевозки в страны, где не требуется ИБР и внутри стран ЕАЭС*);
- допуск с применением иностранного разрешения – 5 лет (*перевозки в страны дальнего зарубежья с применением ИБР*);

2. Установлены дополнительные требования к перевозчикам:

- карточки водителя на тахографы должны быть выданы в РК;
- количество водителей должны соответствовать количеству АТС (*трудоустроенные водители, включая иностранные должны быть в базе учета трудовых договоров Министерства труда и социальной защиты РК*);

Также, включены требования, направленные на искоренение недобросовестных перевозчиков с рынка международных перевозок, в части:

- несоответствия количества водительского состава количеству АТС;
- аренды АТС более 2-х раз в течение 6-ти месяцев;
- передачи ИБР третьим лицам;
- фальсификации, связанной с применением ИБР (исправления);

Реализация указанного приказа позволит:

- исключить искусственный дефицит ИБР, передачи третьим лицам;
- увеличение доли участия отечественных перевозчиков на рынке международных перевозок;
- сокращение количества компаний с иностранным участием;
- исключение компаний-однодневок.

Данные требования не ограничивают, а направлены на стимулирование, защиту и развитие отечественного рынка международных перевозок грузов.

На основании вышеизложенного сообщаем, что принятые меры направлены для улучшения ситуаций в международной перевозке грузов и повышению конкурентоспособности отечественных перевозчиков.

Р. Скляр